

МРНТИ: 15.21.45

10.51889/2959-5967.2023.77.4.019

Г.М. Ертукешова,¹ Б.Ш. Байжуманова^{*1}, Л.С. Кулжабаева¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті КеАҚ,
(Астана, Қазақстан)

bibianar.bayzhumanova.70@mail.ru

ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКKE ЖЕТУ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Аңдатпа

Мақала теориялық зерттеу болып табылады. Мақалада психологиялық ғылыми әдебиеттердегі мотивация ұғымы мен жетістікке жету мотивациясы феномендері теориялық тұрғыда талданады. Мотив, мотивация және жетістікке жету мотивациясы түсініктерінің сипаттамасы әр түрлі ғалымдар тұжырымдары бойынша дәйектеледі. Мотивация теориясы және жетістікке жету мотивациясының танымалы теорияларына қоса, соңғы ғылыми эксперименттік зерттеулердегі негізгі идеялардың теориялық аспектілері жан-жақты тұжырымдалады. Мақаланың маңыздылығы ғылыми дереккөздердің негізінде теориялық талдау, жалпылау, нақтылау және жүйелеу тәсілдері арқылы – тұлғаның жетістікке жету мотивациясы оның ішкі (жекелік, даралық) позициясы мен мақсатқа бағыттылығының айқын болуына байланыстылығы айқындалады. Мотивацияның жоғарылығы мен жетістікке жету нәтижелігінің өзара байланысы, студенттердің оқу белсенділік мотивациясы мен оқу үлгерімінің өзара байланыстылығы айқындалады. Оған қоса жетістікке жету мотивациясын дамытудың жас ерекшеліктік және іс-әрекеттік тұжырымдары пайымдалады.

Түйін сөздер: мотив, мотивация, мотивация теориясы, жетістікке жету мотивациясы, ішкі позиция, мақсатқа бағыттылық, тұлға белсендігі.

Ертукешова Г.М.,¹ *Байжуманова Б.Ш.¹, Кулжабаева Л.С.¹

¹Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева
(Астана, Казахстан)

bibianar.bayzhumanova.70@mail.ru

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ МОТИВАЦИИ ДОСТИЖЕНИЯ В ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКЕ

Аннотация

Статья представляет собой теоретическое исследование. В статье теоретически анализируются понятие мотивации в психологической научной литературе и явления мотивации достижения успеха. Описание понятий мотив, мотивация и мотивация достижения успеха основано на выводах разных ученых. Помимо популярных теорий теории мотивации и мотивации достижения, всесторонне сформулированы теоретические аспекты основных идей в последних научных экспериментальных исследованиях. Значимость статьи определяется средствами теоретического анализа, обобщения, уточнения и систематизации на основе научных источников – мотивация человека к достижению успеха зависит от ясности его

внутренней (личностной, индивидуальной) позиции и целевой ориентации. Определена взаимосвязь между высоким уровнем мотивации и эффективностью достижения успеха, взаимосвязь мотивации учебной деятельности студентов и успеваемости. Кроме того, рассматриваются конкретные и практические решения молодежи по развитию мотивации достижения успеха.

Ключевые слова: мотив, мотивация, теория мотивации, мотивация достижения успеха, внутренняя позиция, целевая ориентация, активность личности.

*Ertukeshova G.M., ¹*Baizhumanova B. Sh. ¹, Kulzhabayeva L.S. ¹*
¹Eurasian National University L.N. Gumilev (Astana, Kazakhstan)
bibianar.bayzhumanova.70@mail.ru

THEORETICAL BASIS OF ACHIEVEMENT MOTIVATION IN PSYCHOLOGICAL SCIENCE

Abstract

The article is a theoretical study. In the article, the concept of motivation in psychological scientific literature and the phenomena of motivation to achieve success are theoretically analyzed. The description of the concepts of motive, motivation and motivation to achieve success is based on the conclusions of different scientists. In addition to popular theories of motivation theory and achievement motivation, the theoretical aspects of the main ideas in recent scientific experimental studies are comprehensively formulated. The importance of the article is determined by means of theoretical analysis, generalization, clarification and systematization based on scientific sources - the motivation of a person to achieve success depends on the clarity of his internal (individual, individual) position and goal orientation. The interrelationship between the high level of motivation and the effectiveness of achieving success, the interrelationship between the motivation of students' learning activity and academic performance is determined. In addition, young people's specific and practical solutions for the development of motivation to achieve success are considered.

Key words: motive, motivation, theory of motivation, motivation to achieve success, internal position, goal orientation, personality activity.

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта мотивация психологиялық құбылыс ретінде әр түрлі түсіндіріледі. Бірінші жағдайда бұл мінез-құлықты анықтайтын және қолдайтын және бағыттайтын факторлардың жиынтығы, ал екінші жағдайда бұл дененің белсенділігін тудыратын және оның бағытын анықтайтын импульс. Мотивация сонымен қатар белгілі бір әрекеттерді психикалық реттеу процесі ретінде, әрекеттің нақты нысандарының пайда болуын, бағытын және жүзеге асыру әдістерін анықтайтын мотивтің әрекет ету механизмі мен процесі ретінде, белсенділік пен мотивацияға жауапты процестердің жалпы жүйесі ретінде қарастырылады.

Психология ғылымында мотив – адамның мінез-құлқын басқаратын, оның бағытын, ұйымдастырылуын, белсенділігін және тұрақтылығын анықтайтын динамикалық физиологиялық және психологиялық процесс. Ресей ғалымдарының зерттеулерінде бұл көбінесе «объективті қажеттілік» ретінде анықталады. Осы орайда, мотивация ұғымының төмендегідей үш анықтамасын сипаттауға болады

– мотивация – адамның саналы түрде әрекеттенуі, адамның белгілі бір мақсатқа жетуге деген ұмтылысының көрінісі, оның материалдық және рухани құндылықтары мен биік мақсат қоя білуі;

– мотивация - нәтижеге жетуге ұмтылу, адамның мінез-құлқын, эмоциялары мен іс-әрекеттерін бақылайтын, ішкі және сыртқы күйлердің өзгеруінде көрінетін психофизиологиялық процесс;

– мотивация – материалдық, биологиялық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру, жақсы нәтижеге жету қабілеті мен ұмтылысы.

Теориялық тұрғыдан мотивация мәселесін әртүрлі бағыттағы зерттеушілер – психологтар, әлеуметтанушылар, философтар, педагогтер жеткілікті түрде зерттеген. Дегенмен, қазіргі қоғамда бұл мәселе толығымен шешілген жоқ. Олай дейтін себебіміз, адамның белсенділікке тұрақты мотивациясын қалыптастыруда мотивациялық механизмдер кепілдік беретіндей жұмыс істемейді. Оны білім беру салаларындағы оқыту мен тәрбиелеу кезіндегі мотивацияның мәні мен психотехникалық тұстарын толық аша алмаймыз. Сондықтан психологияның негізгі мәселелерінің бірі - мінез-құлық пен белсенділік мотивтері мен мотивация мәселелері, оның ішінде жетістікке жету мотивациясы әрқашан да өз құндылығын жоғарылатып келеді.

Зерттеу мақсаты - психология ғылымында мотив, мотивация және жетістікке жету мотивация феномендерінің зерттелінуі мен теориялық тұжырымдарына талдау жасау.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ДЕРЕКТЕРІ

Психология ғылымының ғылыми әдебиеттері мен дереккөздері негізінде теориялық талдау, жалпылау, нақтылау және жүйелеу әдіс-тәсілдері арқылы тұлғаның жетістікке жету мотивациясы оның ішкі (жекелік, даралық) позициясы мен мақсатқа бағыттылығының айқын болуына, тұлғалық қасиеттеріне, іс-әрекет нәтижесін өзіндік бағалуына байланыстылығы айқындалады.

Ғылыми нәтижелерді талқылау және теориялық-әдіснамалық негіздері. «Мотивация» термині алғаш рет 1910 жылы А. Шопенгауэрдің «Жеткілікті себептің төрт қағидасы» мақаласында қолданылған және «дененің белсенділігін тудыратын импульс» дегенді білдіреді, содан кейін бұл термин адамның мінез-құлқының себептерін түсіндіру үшін ғылыми ортада психологиялық қолданысқа берік орнықты [1].

Психология ғылымындағы мінез-құлық пен белсенділік мотивтері туралы ежелгі грек философтары Аристотель, Демокрит, Платон, Сократ, Б.Спинозалар мінез-құлық аффекттерінің негізгі қозғаушы күшін қарастыра отырып, жеке тұлғаның мотивациясына қатысты мәселелерді зерттеді. Онда белсенділікті алдымен денемен байланыстыра келе, белсенділік тілекке айналғанда, іс жүзеге асатынын тұжырымдайды.

Х. Хекхаузен өзінің «Мотивация және іс-әрекет» кітабында ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында мотив «ерікті шешім қабылдау кезінде ескерілетін негіз ретінде» қарастырылғаны туралы жазады [2, б. 32], және тек 1936 жылы П.Т. Юнгтің еңбегінде алғаш рет мотивация қажеттіліктермен байланысты тенденциялар актісі ретінде қарастырылды. Дегенмен, ғалым мотивация мәселелеріне көптеген зерттеушілік қызығушылық болғанымен, жалпы теориялық тұжырымдар әлі нақты тұжырымдалмағанын айтады. «Өріс теориясын» тұжырымдаған К. Левин физиканың ғылыми жетістіктеріне сүйене отырып, адамның мінез-құлқы ішкі мотивтермен анықталады және сыртқы объектілер де әсер етеді деп есептейді. Мінез-құлыққа әсер ететін осы элементтердің барлығында белгілі бір зарядпен (валенттілікпен) және жеке адамға разрядты қажет ететін белгілі бір шиеленісті тудырады [3, б.67]. А.Н. Леонтьев өз еңбектерінде мотивтер мен эмоциялардың және тұлғаның қалыптасуының өзара байланысын зерттеп, адам іс-әрекетіндегі тұрақты және саналы мотивтердің қалыптасуына эмоциялардың әсерін тұжырымдады. Сондай-ақ П.М. Якобсон жеке психологиялық себептердің тұрақты мотивациялық жүйесі адамның эмоциялық фонына әсер ететінін көрсетеді [4].

40-жылдары Д.Н. Узнадзе «қарым-қатынас теориясы» тұрғысынан тұлға мотивациясын адамның іс-әрекетінің қайнар көзі екенін, ағзаға қажеттілігін баса айтады.

Психология ғылымында «мотивация» ұғымының мазмұнын ХХІ ғасырда зерттеген Е.А. Уткин, Г.Г. Зайцев, Б.И. Додоновтарды атап кетуге болады. Е.А. Уткин «мотивация – белгілі бір жағдайда адамның белсенділігі мен іс-әрекетінің бағытын анықтайтын тұлғаның психикалық күйі» деп сипаттайды. Оның айтуы бойынша белгілі бір іс-әрекет шеңберінде адам өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға ұмтылады, сөйтіп оның мотивациясы қалыптасады [5]. Осы орайда ғалым тәрбиелік мотивация жағдайында оқуға деген қажеттілікті қалыптастыруға мән беру керектігін ескереді. Г.Г. Зайцевтің пайымдауы да осыған ұқсас. Ол мотивация ұғымына мынадай анықтама береді: «мотивация – бұл нақты қажеттіліктерді қанағаттандыруға ұмтылумен байланысты индивидтердің, ұжымдардың, топтардың қарқынды белсенділігін ынталандыру» [6].

Ресей зерттеушілерінің еңбектерінде мотив негізінен екі компонентпен сипатталады: белсенділік және бағыттылық. Әртүрлі білім саласындағы зерттеушілердің мотивация туралы негізгі көзқарастары бойынша мотивация психикалық құбылыс ретінде белгілі бір субъектінің мінез-құлқына әсер ететін мотивтердің салыстырмалы түрде тұрақты жүйесі болып табылады. Психофизиологиялық процесс ретінде мотивация адамның мінез-құлқын басқарады және оны белгілі бір әрекеттерді орындауға ынталандырады. Б.И. Додонов мотивацияның төрт құрылымдық құрамдас бөлігін көрсетті:

- 1) Іс-әрекеттің өзінен ләззат алу;
- 2) Іс-әрекеттің тікелей нәтижесінің тұлға үшін маңызы;
- 3) Іс-әрекет үшін марапаттаудың ынталандырушы күші;
- 4) Тұлғаға мәжбүрлеу қысымы.

Сонымен көптеген көрнекті зерттеушілер өз еңбектерінде мотивация мен мотивациялық механизмдер туралы жазған, олардың ішінде: Х. Хекхаузен, З. Фрейд, К. Левин, И.П. Павлов, С.Л. Рубинштейн, Г. Мюррей, А. Маслоу, А.Н. Леонтьев, Д. Маклелланд, Д. Аткинсон және т.б. бар.

«Мотивация» категориясының заманауи анықтамаларына сүйене отырып (В.К. Вилюнас, В.И. Ковалева, Е.С. Кузьмина, Б.Ф. Ломова, К.К. Платонова және т.б.) жеке тұлғаның мотивациялық саласы белгілі бір иерархияға ие тұрақты мотивтердің жиынтығы ретінде түсіндіреді және жеке тұлғаның бағыттылығын білдіреді.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАЛДАНУЫ Жетістікке деген ұмтылыс адамда әртүрлі жағдайларда көрінеді, сәйкесінше нәтижеге жету жолдары да әртүрлі болады. Мотивацияның негізгі элементтері: мақсаттар, міндеттер, саясаттар, әдістер, құралдар, бағдарламалар, күштер.

Адам мотивациясының маңызды белгісін В.Г. Асеев оның екі модульді, оң-теріс құрылымы тұрғысынан қарастырды. Оның мотивация модальдіктері бір нәрсеге ұмтылу немесе қашу түрінде, қанағаттану немесе азап түрінде, тұлғаға өзара әрекеттесу тұрғысында – марапаттау мен жазалау түрінде жүзеге асады. Олар қажеттіліктерді тезарада жүзеге асыруға деген мүдделерінде көрінеді [7].

А.Н. Леонтьев мотивацияның екі түрін анықтады. Біріншілік және екіншілік мотивтер: біріншісі қажеттілік, тартымдылық, пассив, инстинкт түрінде көрінетін болса, белсенділік түрінде көрінетін мотивация. Демек, бұл жағдайда мотивтің мотивациямен сәйкестендірілуі орын алады. А.Н. Леонтьев мотив мотивация формасы ретінде тұлға деңгейінде туындайды және белгілі бір мақсатқа жету үшін белгілі бір бағытта әрекет ету шешімін өзі негіздеуді қамтамасыз етеді деп есептеді. Т.М. Маслоу мотивация және мақсат қою белсенділігі тұлғаның психологиялық денсаулығына әсер ететінін атап өтті [8].

Тұлғаның мотивациялық сферасы – бұл адамның мотивациялық құрылымдар жиынтығын білдіреді. Бейімділік (мотивтер), қажеттіліктер мен мақсаттар, қызығушылықтар және т.б. мотивтер адамның мотивациялық-құндылық құрылымын құрайды, олардың қажеттіліктерінің, мүдделерінің, құндылық бағдарларының өзара байланысты жиынтығы адамның іс-әрекетінің белгілі бір бағытын білдіреді.

Мотивация адамды кез-келген әрекетке ынталандыру процесі ретінде сыртқы және ішкі болып бөлінуі мүмкін (Ф.Герцберг, Р.Вудворт, Р.Уайт). Оған қоса, табысқа жету мотивациясы және сәтсіздіктерден қашу мотивациясы деген түрлері бар. Мотивацияның осындай түрлері іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға үлкен әсер етеді (Х. Хекхаузен).

Жалпы мотивацияның осы екі түрін салыстыра отырып, жетістікке жету мотивациясы бір қарағанда жақсырақ екенін атап өтуге болады, өйткені адам табысқа бағытталғандықтан, ол мақсатқа қарай алға ұмтылады, қиындықтар оны тоқтатпайды. Дегенмен, сәтсіздіктерден қашу мотивациясының табиғаты нашар деп біржақты айтуға болмайды. Сәтсіздіктен қашу мотивациясы бар адамдар жақсы аналитиктер, олар қай жерде және қандай қателер болуы мүмкін екенін біледі және олар нені қаламайтынын анық біледі.

Оған қоса, олар мақсатына жету жолында қандай қиындықтарға тап болуы мүмкін екенін біле бастаса немесе болжаса, оларға қозғалысты бастау қиынға соғады. Сонымен қатар, табысқа жету мотивациясы, оның барлық артықшылықтарына қарамастан, қанағаттанарлықсыз нәтижелермен бірге жүруі мүмкін. Мотивацияның мұндай түрі бар адамдар мақсатқа жетуге, нәтижеге жетуге көп көңіл бөледі, бірақ, өкінішке орай, кейде олар мақсатқа жылжу процесінде туындайтын «болмашы» қиындықтарға назар аудармайды. Алайда, оларды жеңу немесе шешу адамнан біраз күш-жігерді талап етеді, кейде адамда оған күші жетпей қалады.

Психология ғылымында «жетістікке жету мотивациясы» адамның әртүрлі іс-әрекеттер мен қарым-қатынастарда қол жеткізуге деген ұмтылысы ретінде анықталады, ал «сәтсіздіктен қашу мотивациясы» адамның өз іс-әрекеті мен қарым-қатынасының нәтижелерін бағалауымен байланысты. Оған қоса, өмірлік жағдайларда сәтсіздіктерден аулақ болуға деген салыстырмалы түрде тұрақты ұмтылысы ретінде түсіндіріледі. Осылайша, көптеген теориялық зерттеулер табысқа жету мотивациясы мен сәтсіздікке жол бермеу мотивациясы адам мотивациясының маңызды түрлері екенін көрсетеді.

Г. Мюррейдің пікірінше, табысқа жету қажеттілігінің, басқаша айтқанда жетістікке жету мотивациясының әсерінен адам күрделі мәселелерді шешуге, дербестігін барынша арттыруға, жоғары талаптарға сай болуға, басқалармен бәсекеге түсуге, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру арқылы өзін-өзі бағалауды арттыруға ұмтылады. Сәтсіздікке жол бермеу қажеттілігі, басқаша айтқанда сәтсіздіктен қашу мотивациясы қорлауды болдырмауға, қорлауға, келемеждеуге немесе немқұрайлылық көрсетуге толы жағдайлардан алдын ала шығуға және сәтсіздіктен қорқу салдарынан белсенді әрекеттерден бас тартуға ұмтылудан көрінеді. Кейіннен табысқа жету және сәтсіздікке жол бермеу қажеттіліктеріне сәйкес келетін мотивтер көптеген психологиялық зерттеулердің тақырыбы болды. Д.А. Леонтьевтің пікірінше, бұл мотивтер өткен ғасырдың екінші жартысында батыс психологиясында мотивациялық-қажеттілік саласын зерттеуде басты орынға ие болды. Жетістікке жету мотиві және сәтсіздіктен қашу мотиві жалпы белсенділікпен, өзін-өзі бағалаумен, мақсат қою ерекшеліктерімен және субъектінің әлеуметтік бейімделуімен байланысты. Т.О. Гордеева осы мәселе бойынша батыс авторларының еңбектеріне сүйене отырып, жетістікке жету әрекетінің интегративті моделін ұсынды [9]. Оның айтуы бойынша жетістік, ең алдымен, субъектінің жеке қабілеттері мен күш-жігеріне байланысты белсенділігі болып табылады. Осылайша автор келесі мотивациялық блоктарды анықтады:

- 1) белсенділік мотивтерін қалыптастыру;
- 2) мақсат қою;
- 3) іс-шараларды жоспарлау;
- 4) кедергілер мен сәтсіздіктерге жауап беру;
- 5) ниеттерді жүзеге асыру.

Бұл модельге сәйкес жетістік әрекетінің оңтайлы жұмыс істеу шарты сәтсіздіктен қашу мотивациясынан жетістікке жету мотивациясының басым болуымен анықталады.

Мотивацияны зерттеушілер жетістікке жету мотиві жоғары және төмен адамдардың профильдерін құрастырды. Жетістікке жету мотиві жоғары адамдар белсенділікпен,

бастамашылықпен және туындайтын кедергілерді жеңуге ұмтылумен сипатталады, оларда айқын Зейгарник әсері бар. Олар әдетте, нәтижесі негізінен жеке қабілеттерге байланысты болатын әрекетті таңдайды. Жетістікке жету мотиві жоғары адамдардың ойынша іс-әрекеттердің өнімділігі сыртқы бақылауға аса тәуелді емес, олар көбінесе өзіндік тиімділіктің жоғарылығымен сипатталады. Мұндай адамдар өздерінің болашағын ұзақ уақыт бойы жоспарлауға бейім. Мақсат қою қиындығы орташа немесе шамалы қиындау міндеттемелерді қабылдау ниетімен сипатталады. Жетістікке жету мотиві жоғары (сәтсіздіктен қашу мотиві орташа) адамдар табысқа жету мүмкіндігі нақты есептелген тәуекелдерге жиі жүгінеді; егер олар бұл үшін жазаланбайды деп есептесе, ережелерді және тіпті заңды бұзуы ықтимал. Әдетте, мұндай қасиеттер, ең алдымен, кәсіби қызметте және кәсіпкерлікте жалпы табысты қамтамасыз етеді. Сәтсіздіктен қашу мотиві жоғары адамдар қарама-қарсы тұлғалық қасиеттермен сипатталады. Сәтсіздіктен қашу мотиві күшті болуы жағымсыз сипаттағы кез келген жетістік әрекетімен шектелмейді. Сәтсіздіктен қорқу – тұлғаның дамуына зиянды әсер ететін жағымсыз Мен-концепцияның бір көрінісі. Л.Н. Собчиктің пікірінше, сәтсіздіктен қашу мотиві жоғары индексі (жетістікке жету мотиві төмен мәндерінде) гипотимдік типтегі, тежелген, мазасыз, өзіне сенімсіз, сезімтал, өзін-өзі бағалауы төмен адамдарға тән. И.В. Шаповаленко сәтсіздіктен қашу мотивациясы жоғары жас жігіттерге әлеуметтік пассивтілік, жалғыздық, конформистік ұстаным, агрессивтілік тән және олардың қылмыс жасау қаупі жоғары екенін көрсетеді.

Х. Хекхаузен жетістік жету мотивациясын ішкі мотивация ретінде түсіндіреді.

Ю.М. Орлова оқу іс-әрекетінің ішкі мотивациясын танымдық және жетістік деп бөлсе, танымдық мотивтерді іс-әрекеттің процедуралық ерекшеліктерімен, ал нәтижеге жету қажеттілігін тиімді іс-әрекет ерекшеліктерімен байланыстырады.

Г.А. Тульчинский жетістіктің төрт түрін:

- тиімді жетістік;
- әлеуметтік мойындау ретіндегі жетістік;
- қиындықтарды жеңудегі жетістік;
- іс-әрекетті жүзеге асырудағы жетістік деп анықтап, сипаттайды [10].

Я.С. Хаммер: «Субъективті жетістік объективті табысқа жетуге ықпал етеді, бұл өз кезегінде жеке қанағаттану және қоғам тарапынан мойындалу арқылы субъективті табысқа әкеледі», деген ойды тұжырымдайды [11].

Жетістікке жетудің негізгі функциясы – әлеммен өзара әрекеттесу тәжірибесін сақтай отырып, алдыңғы нәтижеге байланысты адамның одан әрі әрекетін реттеу. Белсенділік бұл жағдайда жеке тұлғаның ішкі күштерінің сыртқы құбылысы ретінде әрекет етеді, ал жетістікке жетуі уақытқа байланысты. Осы ұстанымға сүйене отырып, С.И. Ефремова жетістікке жетуді «субъектінің өзі үшін маңызды мақсаттарға жетудегі, қоғамның әлеуметтік бағдарларын көрсетудегі, субъектінің өзін-өзі жүзеге асыру формасы ретінде әрекет етудегі, оның өзін-өзі басқаруды қамтамасыз етудегі, өзін бекіту түріндегі қоғамның бағалауын білдіретін даму әрекетінің оң нәтижесі» деп түсіндіреді.

Соңғы шетелдік зерттеулерге шолу жасар болсақ, Alison C. Koenka академиялық мотивацияның бес көрнекті теориясы: атрибуция, болжамдық күту, құндылықтар, әлеуметтік және когнитивтік теориялары және олардың пайда болуы мен дамуында бастамашы болған немесе кейінгі негізгі рөлге ие ғалымдардың зерттеулеріне арнайы тоқталып кетеді. Авторлар мотивация құрылымындағы негізгі – мақсатқа жету теориясы және өзін-өзі анықтау теориясын жаңартуға мән береді. Оған қоса, мотивация теориясына қатысты зерттеулерде әлі де болса, зерттелмеген жақтарын айқындап береді: мотивацияның әртүрлілік, әдістемелік және интеграциялық жақтары [12].

Dale H. Schunka, Maria K. DiBenedetto «Motivation and social cognitive theory» атты мақаласында мотивацияны Бандураның әлеуметтік когнитивтік теориясы тұрғысынан қарастырады. Мотивация мақсатқа бағытталған әрекеттерді ынталандыратын және қолдайтын процестерді білдіреді. Мотивациялық процестер – таңдау, күш салу, табандылық, жетістік және

қоршаған ортаны реттеу сияқты нәтижелерге әкелетін жеке даралық ішкі әсерлер деп тұжырымдалады. Мотивацияның әлеуметтік когнитивті теориясынан бастап, содан кейінгі мотивацияға мінез-құлық, қоршаған орта және жеке әсерлер туралы зерттеулерді қоса қарастырады. Авторлар негізгі ішкі мотивациялық процестерге: мақсаттар мен прогрестің өзін-өзі бағалауы, өзіндік тиімділік, әлеуметтік салыстырулар, құндылықтар, нәтиже күтулері, атрибуциялар және өзін-өзі реттеуді жатқызады [13].

Мотивацияның атрибуциялық теориясын практикалық негізге сүйене отырып, дәйекті тұжырымдаған Sandra Graham өз еңбегінде атрибуция теориясының практикалық маңыздылығының көп бөлігі оның мектеп жағдайында күн сайын пайда болатын нақты әлемдегі мотивациялық алаңдаушылықтарды түсінудің пайдалылығында жатқандығын көрсетеді. Автордың пайымдауынша теорияны практикаға айналдыру үшін, мысалы, өзін-өзі анықтау теоретиктері тестілеушілер қауымдастығына бағытталған болса, ал болжамдық күту, құндылықтар теоретиктері әртүрлі жас топтары бойынша мектептердің қалай ұйымдастырылатынын анықтайтын болса, онда мотивацияның атрибуциялық теориясы стигматизацияланған жастардың құқықтарын қорғаушыларға өте орынды болып көрінеді. Автор қазіргі кездегі білім беру проблемаларының көпшілігі үшін пайдалы мотивациялық құрылымдардың негізгі жиынтығын анықтау керектігін көрсетеді.

Sandra Graham бойынша мотивация үлгісі ретінде атрибуция теориясы үлкен фокус пен ауқымға ие. Дегенмен, этникалық азшылық жастардың нәсіліне/ұлтына, мотивациясына және қазіргі білім беру жағдайларына қатысты мәселелерді қарастырған кезде кедейлік пен әлеуметтік теңсіздікке байланысты проблемалармен де айналысуға тура келетінін түсіндіреді. Автордың ойынша атрибуция теориясы әділ білім беру жүйесін қалыптастыруға күш салуда кейбір дұрыс сұрақтарды қоюға дәйекті негіз береді. Созылмалы шешімдерді табу жүйелік өзгерістерді де қажет етеді [14].

Хекхаузеннің айтуынша адам жетістікке әртүрлі жолмен, әртүрлі әрекеттер тәсілімен жетеді. Егер адам жетістік нәтижесін өзінің мүмкіндігінен төмен немесе жоғары болған жағдайда, міндеттерді қою объективті нәтижені көруге мүмкіндік бермейді. Сол сияқты, егер ол іс-әрекетті бағалаудың эталоны мен нормасын өзі үшін міндетті деп санамаса, жетістік нәтижесі анық болмайды. Сондай-ақ, егер міндет мәжбүрлеген жағдайда немесе оның шешімі қатысуынсыз жүзеге асатын болса, жетістік нәтижесі мәнсізденеді.

В.В. Рубцов бойынша мотивация теориясының тарихи тұрғыдан дамуының үш саласын қарастыруға болады: биологиялық, бихевиористік, когнитивтік. Д.А. Леонтьев бойынша психологияда мотивацияның дамуы төрт кезеңді қарастырылады:

- ғылыми-табиғи;
- антропологиялық;
- жағдаяттық-динамикалық;
- тұлғалық.

Жетістікке жету мотивация тұрғысынан шетелдік зерттеулерде Eric M. Anderman соңғы 20 жылдағы жетістіктерге баса назар аударып, жетістікке жету мотивациясының теорияларына шолу жасай отырып, әр теорияның пайда болуы туралы және теориялардың өзара ортақ тұжырымдарын талқылайды. Автордың пайымдауынша мотивация теориясының қазіргі білім беру саясаты мен тәжірибесі арасындағы сәйкестік дәрежесі бар екенін алға тартады. Ол әрбір теория академиялық мотивацияның бірегей аспектілерін қарастырғанымен, кейбір теориялық сәйкестіктер педагогтер мен саясаткерлердің шатасуына әкелуі мүмкіндігін көрсетеді. Оған қоса, Eric M. Anderman студенттердің мотивациясы маңызды деп санайтын педагогтердің аз екенін айтады, соған қарамастан, бүгінгі мұғалімдерге жүктелетін үлкен қысымды ескере отырып, мотивация – бұл мұғалімдердің күнделікті қарастыратын өмірдің көптеген аспектілерінің бірі ғана [15].

Alex C. Garn, Alexandre J.S. Morin университет студенттерінің бір семестрде мотивациялық реттеуді қолдануын эксперименттік тұрғыда зерттей келе, бір семестрдегі

университет студенттерінің автономды мотивациясы мен мотивациялық реттеу арасындағы өзара әрекеттестікке қатысты тұжырымдарда маңызды олқылықтар бар екенін көрсетеді. Бұл олқылықтарды айқындау үшін, мотивация процестерінің неліктен (яғни, автономды мотивация) және қалай (яғни, мотивациялық реттеу) қысқа уақыт аралығында дамитынын бір мезгілде зерттеу үшін: (Reeve және басқалар, 2008) зерттеуін негізге алады. Эксперименттік зерттеу нәтижесі автономды мотивация мен мотивациялық реттеу арасындағы байланыс тұлғаның тиімді қарым-қатынас сипатына байланыстылығы бұрынғы теорияларда тұжырымдалғандығын айқындайды. Яғни мотивациялық реттеу тізбегінің айқын автономды мотивациясы болды. Дегенмен, бұл студенттер өздерінің қалыпты деңгейлеріне қатысты автономды мотивацияның уақытқа тән ұлғаюын сезінгенде, кейінгі мотивациялық реттеу туралы есептер азайғанын білдіретін теріс қатынасты көрсететінін айқындайды. Басқаша айтқанда, негізінде автономды мотивацияның жоғары күйлері қалыпты пайдаланумен салыстырғанда мотивациялық реттеу стратегияларын жүзеге асыру қажеттілігін төмендететін көрсетеді. Ал бұл мотивациялық реттеу қалыптымен салыстырғанда мотивацияның жоғары деңгейін сезінген кезде аз бағалануы мүмкін екенін көрсетеді. Alex C. Garn, Alexandre J.S. Morin бойынша зерттеу нәтижелерін қолдану оқу тәжірибесін жақсартуға мүмкіндік береді. Мысалы, семестрдің алғашқы айларында университет студенттері субъективті және белсенді мотивациялық бақылауды азайтады. Бұл, әсіресе, GPA төмен студенттер үшін қиын болуы мүмкін, өйткені оларда семестрді мотивациялық реттеу стратегияларын пайдалану ықтималдығы азая бастайды. Осылайша, университет профессорлары, тәлімгерлер және академиялық қолдау көрсету мамандары семестрдің басында да, ортасында да, аяғында да автономды мотивацияны да, мотивациялық реттеуді де қарастыратын құрылымдарды құруы қажет [16].

Қазіргі уақытта қандай құрылымдардың ең жақсы жұмыс істейтіні белгісіз, бірақ оқытудың әртүрлі стильдерін пайдалану (Wolters, 2011), студенттің автономиясын қолдау (Reeve et al., 2008), басқа стратегияларға күш пен тапсырманы меңгеруді баса көрсету (Wolters, 2003) және студенттерге жақын мақсаттарды құруға көмектесу ((Schwinger және Otterpohl, 2017)), сондай-ақ семестр бойы дәйекті түрде ынталандыру арқылы викториналар мен сабақтағы сұрақ-жауап технологияларын пайдалану сияқты оқу және белсенділік шараларын жүзеге асыру кіруі мүмкін.

Г Абильдаева, Н Жиенбаева, О Тапалова жаңартылған оқу мазмұны аясында студенттердің кәсіби мақсаттары мен тұлғалық жетістікке жетуге деген мотивациясын қарастырады. Онда студенттердің мотивациясын дамытуға бағытталған арнайы педагогикалық-психологиялық жағдайдың құрылуын алға таратады. Аталмыш ғалымдардың пайымдауы бойынша мотивацияның дамуы студенттердегі мақсатқа жетудегі сенімділікті арттыруды, өзін-өзі дамытуға деген белсенділікті қамтамасыз етеді [17].

С.О. Бурленова, Р.Ш. Сабирова жоғары оқу орындарында студенттердің оқу мотивациясын олардың оқу іс-әрекетінің тиімділігін анықтайтын факторлардың бірі ретінде қарастыра отырып, арнайы эксперименттік зерттеу жүргізеді. Зерттеу нәтижесі бойынша оқу тапсырмаларын кейінгі қалдыруға бейім студенттердегі академиялық прокрастинация мен оқу мотивациясы арасында маңызды корреляция анықталады [18].

ҚОРЫТЫНДЫ.

Психология ғылымындағы зерттеулердің негізінде жетістікке жету мотивациясының өнімді жағына, оның эмоционалдық реңктері мен әлеуметтік тәуелділігіне қатысты тұжырымдар әлі күнге дейін өз құндылығын төмендетпей келеді. Теориялық талдау арқылы жетістікке жету мотивациясы – бұл нәтижеге қатысты сапалы феноменальды объект қана емес, сонымен қатар нәтиженің өзі, сондай-ақ, ең алдымен оны бағалау және тұлғаның мотивациялық саласының маңызды негізін құрайтын субъект үшін болмыстың мәні екендігі пайымдалады. Жетістікке жетудің негізгі қажеттілігі тұлғаның өмірлік, кәсіби бағыттылығын айқындайды.

Жалпы алғанда адам жетістікке жетуге бағдарлану арқылы өзінің жалпы қажеттіліктерінің едәуір түрлерін қанағаттандырады деуге болады.

Сондай-ақ, психологиялық зерттеулердің негізінде адамдардағы жетістікке жетуге деген мотивтерінің басымдықта болуы нәтижесінде тұлғалық бағыттылықтың сипаты анықталады. Ал бұл жетістікке жетудің төмендегідей түрлерін көрсетеді:

- моральдық сипаттағы жетістіктер, бұл әлеуметтік қажеттіліктерді өтеуге байланысты адами құндылықтар негізіндегі жетістікке жетуді білдіреді.

- қоғамдық сипаттағы жетістіктер, бұл қоғамның мүдделері мен қоғамдық қажеттіліктермен байланысты жетістікке жетуге бағдарлануды білдіреді.

- іскерлік сипаттағы жетістіктер, бұл тұлғадағы білімнің, шығармашылықтың, еңбек белсенділігінің туындауына негізделген жетістікке жетуді білдіреді.

- өзін-өзі жетілдіру сипатындағы жетістіктер, бұл өзін-өзі өзектендіру мен субъектілік қажеттіліктерді қанағаттандыруда көрінетін жетістікке жетуді білдіреді. Соңғы жылдары жетістікке жетуге деген мотивацияның осы түрі қарқынды зерттелініп келеді.

Сонымен, адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетіндегі құндылық пен мақсатты білдіретін жетістікке жетудің басым мотивтері анықталды. Жетістікке жету қажеттілігі – бұл адамның бизнесте, бизнестің нәтижесінде немесе іскерлік қарым-қатынаста өзін көрсетуге саналы ұмтылысы. Іскерлік қасиеттер мен іс-әрекет нәтижелерін бағалау әрқашан басқаларға және әлеуметтік ортаға қатысты жетістіктің субъективті құндылығы туралы рефлексия арқылы жүзеге асырылады. Жетістікке жету тек әлеуметтік нұсқаулар мен нәтижелерді ғана емес, сонымен қатар жетістік процесіндегі субъектінің дербестігі мен шығармашылық әлеуетінің деңгейінің көрсеткіштерін де қамтиды. Сондықтан тұтастай алғанда ол жеке субъект пен қоғамның белсенділігінің интегративті сипаттамасы болып табылады. Қорыта айтқанда, жетістікке жету мотивациясы бұл тұлғаның өз іс-әрекетінің нәтижесі, жеке табыстылығы, қол жеткізген жетістігіне қарай психикалық күйі, жетістікке жетуде кездесетін қиыншылықтар мен кедергілерді жеңе алу потенциалы, өзінің материалдық, рухани, қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Маклаков А.Г. *Общая психология: учебник для вузов.* СПб.: Питер, 2005. - 583 с.
2. Хекхаузен Х. *Мотивация и деятельность.* СПб.: Питер; М.: Смысл, 2003. 860 с.
3. Левин К. *Теория поля в социальных науках.* М.: Академический проект, 2019. 314 с.
4. Якобсон П. М. *Психология чувств и мотивации.* Воронеж: МОДЭК; М.: Институт практической психологии, 1998. 304 с
5. Маслоу А.Г. *Мотивация и личность.* – Евразия – СПб., 2012. – 352с.
6. Зайцев Г. Г. *Управление персоналом: учеб. пособие.* СПб.: Северо-Запад, 1998. 230 с.
7. Маркова А.К., Матис Т.А., Орлов Б.А., *Формирования мотивации учения.* М., 2003.- 183с.
8. Маслова Т. М. *Здоровье студентов как психологический феномен // Психологическое здоровье личности как ценность образовательного пространства: коллективная монография / под общ. ред. Т. А. Македон, Т. М. Масловой — Москва: Изд-во «Спутник+», 2013. — Гл. 3.2. — С. 94—101.*
9. Гордеева Т.О. *Психология мотивации достижения.* / Т.О. Гордеева. — М., 2006.
10. Тульчинский Г. А. *Разум, воля, успех: О философии поступка.* Л., 1990. 79 с.
11. Хаммер Я. С. *Профессиональный успех и его детерминанты // Вопросы психологии.* 2008. № 4. С.147–153.
12. Alison C. Koenka, *Academic motivation theories revisited: An interactive dialog between motivation scholars on recent contributions, underexplored issues, and future directions,*

Contemporary Educational Psychology, Volume 61, 2020, 101831, ISSN 0361-476X, <https://doi.org/10.1016/j.cedpsych.2019.101831> (Accessed: 01.02.2023).

13. Dale H. Schunk, Maria K. DiBenedetto. *Motivation and social cognitive theory*. *Contemporary Educational Psychology*. Volume 60, 2020, 101832, ISSN 0361-476X, <https://doi.org/10.1016/j.cedpsych.2019.101832> (Accessed: 21.02.2023).

14. Sandra Graham. *An attributional theory of motivation*. *Contemporary Educational Psychology*, Volume 61, 2020, 101861, ISSN 0361-476X, <https://doi.org/10.1016/j.cedpsych.2020.101861> (Accessed: 11.03.2023).

15. Eric M. Anderman. *Achievement motivation theory: Balancing precision and utility*, *Contemporary Educational Psychology*, Volume 61, 2020, 101864, ISSN 0361-476X, <https://doi.org/10.1016/j.cedpsych.2020.101864> (Accessed: 30.03.2023).

16. Alex C. Garn, Alexandre J.S. Morin. *University students' use of motivational regulation during one semester*. *Learning and Instruction*. Volume 74, 2021, 101436, ISSN 0959-4752, <https://doi.org/10.1016/j.learninstruc.2020.101436> (Accessed: 05.04.2023).

17. Abildaeva G., Zhiyenbayeva N.B., Tapalova O.B. (2019). *Developing Motivation in Schoolchildren: Insights from the Updated Learning Content*. Atlantis Press. <https://doi.org/10.2991/iceder-19.2020.54>

18. Бурленова С.О., Сабирова Р.Ш. Жогары мектеп студенттердің академиялық прокрастинация мен оқу мотивациясын зерттеу. Хабаршы «Психология» сериясы Том 71. №2 (2022), 223 бет. <https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-7847.33>

Referens

1. Maklakov A.G. *General psychology: a textbook for universities*. St. Petersburg: Peter, 2005.- 583 p.

2. Heckhausen H. *Motivation and activity*. St. Petersburg: Peter; M.: Smysl, 2003. 860 p.

3. Levin K. *Field theory in social sciences*. M.: Academic project, 2019. 314 p.

4. Yakobson P. M. *Psychology of feelings and motivation*. Voronezh: MODEK; M.: Institute of Practical Psychology, 1998. 304 p.

5. Maslow A.G. *Motivation and personality*. – Eurasia – St. Petersburg, 2012. – 352s.

6. Zaitsev G. G. *Personnel management: textbook. allowance*. St. Petersburg: North-West, 1998. 230 p.

7. Markova A.K., Matis T.A., Orlov B.A., *Formation of learning motivation*. M., 2003.- 183 p.

8. Maslova T. M. *Health of students as a psychological phenomenon // Psychological health of the individual as the value of the educational space: collective monograph / edited by. ed. T. A. Makedon, T. M. Maslova - Moscow: Sputnik+ Publishing House, 2013. - Ch. 3.2. — P. 94—101.*

9. Gordeeva T.O. *Psychology of achievement motivation*. / THAT. Gordeeva. - M., 2006.

10. Tulchinsky G. A. *Reason, will, success: On the philosophy of action*. L., 1990. 79 p..

11. Hammer Ya. S. *Professional success and its determinants // Questions of psychology*. 2008. No. 4. P. 147–153.

12. Alison C. Koenka, *Academic motivation theories revisited: An interactive dialog between motivation scholars on recent contributions, underexplored issues, and future directions*, *Contemporary Educational Psychology*, Volume 61, 2020, 101831, ISSN 0361-476X, <https://doi.org/10.1016/j.cedpsych.2019.101831> (Accessed: 01.02.2023).

13. Dale H. Schunk, Maria K. DiBenedetto. *Motivation and social cognitive theory*. *Contemporary Educational Psychology*. Volume 60, 2020, 101832, ISSN 0361-476X, <https://doi.org/10.1016/j.cedpsych.2019.101832> (Accessed: 21.02.2023).

14. Sandra Graham. *An attributional theory of motivation*. *Contemporary Educational Psychology*, Volume 61, 2020, 101861, ISSN 0361-476X, <https://doi.org/10.1016/j.cedpsych.2020.101861> (Accessed: 11.03.2023).

15. Eric M. Anderman. *Achievement motivation theory: Balancing precision and utility*, *Contemporary Educational Psychology*, Volume 61, 2020, 101864, ISSN 0361-476X, <https://doi.org/10.1016/j.cedpsych.2020.101864> (Accessed: 30.03.2023).
16. Alex C. Garn, Alexandre J.S. Morin. *University students' use of motivational regulation during one semester*. *Learning and Instruction*. Volume 74, 2021, 101436, ISSN 0959-4752, <https://doi.org/10.1016/j.learninstruc.2020.101436> (Accessed: 05.04.2023).
17. Abildaeva G., Zhiyenbayeva N.B., Tapalova O.B. (2019). *Developing Motivation in Schoolchildren: Insights from the Updated Learning Content*. Atlantis Press. <https://doi.org/10.2991/iceder-19.2020.54>
18. Burlenova SO, Sabirova R.Sh. *High school Study of students' academic prostration and motivation of education*. *The messenger series "Psychology"* Vol 71. №2 (2022), page 223. <https://doi.org/10.51889/20222-2.1728-7847.33>